

**«Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК мекемесінде
жүргілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
қорытындысы бойынша 2025 жылдың жай-күйі туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бүйріғымен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Атырау облысы Білім беру басқармасының «Құрманғазы аграрлы-техникалық колледж» КМҚК басшысы Б.Утегеновтің 2025 жылғы 25 наурыздағы №60 НҚ бүйріғымен жасақталған жұмыс тобы 10 сәуір-23 мамыр аралығында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысын жүргізді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегі жұмыс тобының құрамымен жүргілді:

№	Аты – жөні	Лауазымы
1	Утегенов Болатбек Таганхожаевич	Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжінің басшысы
2	Жандыбаева Мейрамкул Мухтаровна	Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
3	Сарсенова Кунаим Шайдуллаевна	Басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
4	Бекенова Альфия Ирсайыновна	Бас есепші
5	Харисова Сара Куншигаровна	Кадрлар жөніндегі инспекторы

Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілері:

- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңы;
- 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңы;
- «Қазақстан Республикасының Әкімшілік-рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ Кодексі;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-XII Заңы;
- «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының №120-VI Кодексі;

- «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Кодексі;
- «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1193 қаулысы;
- «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысы;
- «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына ұстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы;
- «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге пилоттық режимде еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №939 қаулысы.
- 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының №414-V «Еңбек Кодексі»

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама

«Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжі» КМКҚ-дағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты: басқару және үйымдастырушылық-кадрлық қызмет, қаржылық-шаруашылық қызмет, білім беру қызметі, әлеуметтік тәрбие қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оқу бөлімінің үйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.

Басқару және үйымдастырушылық-кадрлық қызметіне ішкі талдау жүргізілді: Колледж оқытушыларының бос лауазымдарға орналасуы Құрманғазы аудандық жұмыспен қамту орталығы мен enbek.kz электрондық еңбек биржасына хабарландырулар орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Оқу процесі туралы сұрақтарға колледждің Instagram және facebook әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында жауап берілген.

Қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі талдау жүргізілді: Колледждің есеп бөлімі «1С Бухгалтерия» бағдарламасы арқылы қаржылық операцияларды электронды түрде жүзеге асырады. Занды тұлғалармен жасақталған келісім-шарттар цифрлы қол қою арқылы электронды түрде жасақталған. Колледж мұліктерінің инвентаризациялық тізімдері жасалған.

Білім беру қызметіне ішкі талдау жүргізілді: Педагогтердің жүктемесі оку жылының басында тарификациялық комиссия арқылы бектілген. Колледж білім алушыларының сабакқа қатысы мен білімін бағалау мақсатында «Edus» платформасы арқылы электронды журнал жүргізіледі. Электронды журналға 29 оқытушы, 197 білім алушы және 52 пән енгізілген. Білім алушыларға өздеріне берілген логин, пароль арқылы жеке кабинеттерінде кез-келген уақытта пәндер бойынша алған бағаларын қарауға мүмкіндік берілген. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығын басшылыққа алып аралық емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ережелер жасақталған.

Студенттердің сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қасиеттерін қалыптастырып, құқықтық сауаттандыру мақсатында «Парасыз сессия» акциялары жүргізіледі.

Талапкерлердің құжаттарын оқуға қабылдау және қорытындысын шығару «Edus» платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерін бекіту жұмыстары КР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы негізінде жүргізіледі.

Әлеуметтік-тәрбие қызметіне ішкі талдау жүргізілді: Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар жоспары КР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы департаментімен бірлесе жасақталған. Колледже білім алушылардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Саналы ұрпақ» еріктілер клубы жұмыс жасайды. Колледж студенттері үшін қандай да зорлық-зобылық, күш көрсету жағдайларына байланысты анонимді ақпарат бере алатын «Сенім телефоны» жұмыс жасайды, қабырғада «Сенім жәшігі» ілінген.

«Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» КР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы негізінде барлық студенттер бір мезгілде ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылға ніс-шаралар туралы ақпараттар колледждің әлеуметтік желілерінің ресми парақшаларында жарияланып тұрады.

Жұмыс тобының мүшелері:

Колледж басшысы:

Басшының оқу-тәрбие жұмысы

жөніндегі орынбасары:

Басшының оқу жұмысы

жөніндегі орынбасары:

Бас есепші:

Кадрлар жөніндегі инспекторы:

Б.Утегенов

М. Жандыбаева

К.Сарсенова

А.Бекенова

С.Харисова